Алатау қалалық мәслихатының тұрақты комиссиялармен бірлескен отырысының
ХАТТАМАСЫ

Алатау қаласы 2026 жыл 11 қыркүйек
уақыты 10:00

Модератор- қалалық мәслихат төрағасы Абилова Роза Михаилқызы.

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Алатау қалалық мәслихатының 6 депутатының 5 қатысып отыр. Белгілі себептермен 1 депутат қатыса алмады.

Сонымен қатар, тұрақты комиссиялармен бірлескен отырысқа Алатау қаласы әкімінің орынбасары Несіпбаева Гүлбану Сейткенқызы, Алатау қаласы әкімдігінің бөлімдері мен қызметтерінің басшылары, мектеп директорлары, Алатау қаласы Әділет партиясының басшысы Абитов Ерік Әзілжанұлы, Алатау қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы Саурбаева Риза Санакқызы, Алатау қаласы ардагер кеңесінің төрағасы Юсупов Асқар Махмұдұлы және БАҚ өкілдері қатысып отыр.

Тұрақты комиссиялар ашуды ұсынамын.
Предлагаю открыть заседаний постоянных комиссий.

Қарсылық бар ма? Жоқ. Есть возражения? Нет.

Тұрақты комиссиялар жұмысын ашық деп жариялаймын.
Работу постоянных комиссий объявляю открытой.

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар!

Комиссиялардың бірлескен отырысының қарауына келесі күн тәртібі ұсынылады:
На рассмотрение совместного заседания комиссий предлагается следующая повестка дня:

1. «Қалалық мектептердің жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындығы туралы»
«О готовности школ города к новому 2026-2027 учебному году»

Ұсынылған күн тәртібін бекітуді кім қолдайды?
Кто за то, чтобы утвердить предложенную повестку дня ?
Қарсылық бар ма? Жоқ
Есть возражения? Нет
Отырыстың күн тәртібі бекітілді.
Повестка дня заседаний утверждается.

Комиссия отырысының регламенті

қосымша баяндамашыларға -5-7 мин

Құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар!

І. Бірінші мәселе бойынша - баяндама жасау үшін сөз тұрғындарды әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және тіл, депутаттық этика, өкілеттілік, заңдылықты сақтау, құқық тәртібі және жұртшылық пен байланыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Нұрманбаев Жансерік Бейбітұлына беріледі.

По первому вопросу – слово для выступления предоставляется председателю постоянных комиссий по вопросам социальной защиты населения, труда, занятости, образования, здравоохранения, культуры, спорта и языка, депутатской этики, полномочий, соблюдения законности, правопорядка и связи с общественностью Нурманбаеву Жансерику Бейбитовичу.

Құрметті отырысқа қатысушылар, барлық спикерлерді тыңдауды ұсынамын және сөз соңында сұрақтар қоя аласыз.

Уважаемые участники заседания, предлагаю заслушать всех спикеров и по окончанию выступлений можете задать вопросы.

Абилова Р.М.: Алатау қаласының мектептеріне депутаттар екі күн мониторинг жұмысын жүргізді. Әрине жұмыс барысында кемшіліктер болады. Осы аталған тақырыпта тағы үш спикер бар, барлық спикерлерді тыңдап, сұрақтарыңыз қойсаңыздар, қарсылық жоқ болса баяндамашыларды тыңдайық.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Алатау қаласы білім бөлімінің басшысы Ерубаева Гүлжан Жұбайқызына беріледі.

Слово для выступления предоставляется руководителю отдела образования города Алатау Ерубаевой Гульжан Жубаевне.

Абилова Р.М.: Гульжан Жубаевна, жалпы тамақтанатын балалар саны туралы ақпарат бар, конкурсқа қатысқанда мердігерлер жалпы тамақтанатын балалар айтылғанымен, мердігерлер өз қаржысына қанша бала тамақтандыратыны туралы ақпарат жоқ;

Ерубаева Г.Ж.: әр мектепте арендаторлар тарапынан тамақ ішетін балалар саны әр қалай, №15 мектепте 20 бала, №5, №4 мектепте 10 баладан, әр мектепте тізімге кірмей қалған балалар болып жатса арендаторлар қарсылық көрсетіп жатқан жоқ;

Абилова Р.М.: Құрметті депутаттар, келесі спикерлерді тыңдайық, содан кейін жалғастырмыз

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Алатау қаласы полиция бөлімінің кәмелет жасқа толмаған жастар ісі бойынша инспекторы, полиция капитаны Құныпияұлы Нұрланға сөз беріледі.

Слово для выступления предоставляется инспектору по делам несовершеннолетних отдела полиции города Алатау, капитану полиции Құныпияұлы Нұрлан.

Абилова Р.М.: Қиын балалар мен жасөспірімдермен қандай профилактикалық жұмыстар жүргізілуде, мектептерде кездесулер өткізіп тұрсыздарма?

Ардагерлер кеңесі мен қоғамдық кеңеспен бірлесіп, ата-аналармен кездесулер өткізу жүргізу керек, өйткені бізде қазіргі таңда тәртіпсіз ата-аналарда кездесіп

Құнышпияұлы Н. : Кешегі күні №4 ОМ-де болған жағдай бойынша, ата-аналарымен кездесіп, кәмелетке толмаған балаларды мектепке жібермесе, полиция басқармасы әкімшілік хаттама дайындап, есепке алынатыны туралы ата-аналарға ескерту жасалды; Сонымен қатар, мектептерде сыныптарға кіріп, әр-түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алуға, әсіресе үлкен сынып оқушыларына ювеналдық полиция қызметкерлерімен профилактикалық жұмыстар жүргізілуді;

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Алатау қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Жанболат Солтанбекке сөз беріледі.

Слово для выступления предоставляется руководителю управления санитарно-эпидемиологического контроля города Алатау Солтанбек Жанболату.

Абилова Р.М.: Құрметті депутаттар, барлық баяндамашыларды тыңдадық, сұрақтарыңыз барма?

Иманбеков А.М.: Бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселесі, интернет трафикті кеңейту мәселесі, депутаттық сауалдар жасалды, осы мәселенің шешілмеу себебі қандай, директорлармен, ұстаздармен кездесу барысында мектептерге бюджет тарапынан берілетін интернет трафик пакеттерінің аздығы; Роза Михайловна атап айтқандай, мектеп асханалары, субаренда бойынша қосымша мониторинг жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындап отыр; тағы бір мәселе 7 мектеп бізде сұйық отынмен жылытып отыр, осы сұйық отынды газға ауыстыруды шешу қажет, Алатау қаласы бойынша 90 пайыз газ құбырымен қамтылғандықтан, мектептерді газбен жылытуды қаматамасыз ету керек, бұл қауіпсіздік жағдай мен санитарлық жағынан өте маңызды, сонымен қатар бұрын ювендалдық полициямен кешкі рейдтарға шығып, түнгі клубтар, компьюторлық клубтарды зерделеп, тексеретін едік, осындай жасөспірімдер арасында қандай профилактикалық жұмыстар жүргізілуде?

Ерубаева Г.Ж.: интернет мәселесі бойынша, Алматының интернет тарфигіне қосылады №20 ОМ және 6 мектеп, №12 мектеп эксперимент ретінде екінші линияларды қосып көретін болып отыр; газға қосу мәселесі бойынша №2,6,5,3 мектептер бойынша жобалық-сметалық құжаттама (ПСД) жасалып отыр, келесі жылы қосуға дайындық жүріп жатыр;

Құнышпияұлы Н.: апта сайын, жұма, сенбі, жексенбі күндері Алатау жастарымен рейдтер жүргізіледі, жұмыс күндері мектептермен жұмыстарды қамтуымыз керек, штат бойынша 4 қызметкер; мектеп директорлары мен мұғалімдермен бірлесіп профилактикалық шаралар жүргізілуде;

Абилова Р.М.: қоғамдық кеңес, ардагерлер кеңесі бар, әрбір ықшам ауданынан бір-бір адам, біздің депутаттарды көмекке шақырыңыз, көмектесуге дайынбыз;

Омарова М.Е.: Гульжан Жубаевна алдыңғы жылы оқушыларды тасымалдау бойынша қиындықтар болды, жүргізушілердің еңбек ақысы төленбей, биыл осындай мәселе туындамайдыма?

Ерубаева Г.Ж.: бұл мәселе конкурсқа қатысу арқылы шешіледі, аталған жүргізушілердің қызметінен бас тарттық;

Мельник А.М.: на сегодняшний день приоритетным является вопрос безопасности детей, по пути следования детей в школу не установлены пешеходные тротуарные дорожки, вблизи сш №4 проводятся работы по установлению тротуара, я

получается дети по пути в школу, где нет тротуара должны выйти на проезжую часть, хотелось чтобы обратили внимание на эту проблему;

Абилова Р.М.: Анастасия Михайловна, мы эту проблему, можем решить сегодня с отделом автодорог;

Юсупов А.М.: әр мектеп басшысы, жұмыс болғандықтан қиындықтар мен кемшіліктер болады, әр түрлі ата-аналармен кездесесіздер, әрқашанда ата-аналармен сабырлықпен, шыдамдылықпен қарым -қатынас жасасаңыздар, балаларымыз сапалы білім алса деген тілек айтқым келеді; мектепке тасымалдау бойынша, балаларға мектепке мопедпен келуді тоқтату керек, ата-аналарға түсіндіріп айту керек;

Саурбаева Р.С.: Мектептерде темірдей тәртіп болсын, сапалы білім алсын; Жақында облыс бойынша Талғар қаласының мектеп асханаларына мониторинг жұмыс жүргіздік, мәзірде ет, жеміс –жидек жоқ, балаларға тамақтану мәселесіне көңіл аудару керек деп ойлаймын; Мен өзім №5 мектепте көп жылдар ұстаздық еттім, сондықтан бұл мектепте басты проблема, қыста жылыту мәселесі, оны шешу үшін газ құбырына қосу керек;

Құрметті депутаттар!

«Қалалық мектептердің жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындығы туралы» тұрақты комиссияның қаулысын қабылдауды ұсынамын.

Дауысқа саламын:	Ставлю на голосование:
Кім қолдайды?	Кто за?
Кім қарсы?	Кто против?
Қалыс қалғандар бар ма?	Кто воздержался?
Жоқ.	

Құрметті депутаттар!

Сөз Алатау қаласы әкімінің орынбасары Несіпбаева Гүлбану Сейткенқызына беріледі.

Слово предоставляется заместителю акима города Алатау Несипбаевой Гульбану Сейткеновне.

Несіпбаева Г.С.: «Қалалық мектептердің жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындығы туралы» тұрақты комиссиясының мектептерге берген бағасына рахмет, мониторинг жұмыстарын жүргізіп, қадағалап отырсыздар, Алатау қаласы бойынша,жалпы 20 мектеп, 1 бала бақша білім бөлімінің қарамағында, 6 мектеп 1970-1980 жылдары салынған, күрделі жұмыстар 10-15 жылдар бұрын жасалынған, 4 мектеп сапасыз салынған, мектеп директорлары осы аталған қиындықтарға қарамастан, өздеріне жүктелген міндеттерін тиісті деңгейде жүргізуде, барлығы тәжірибелі, білікті білімді мамандар, тасымалдау мәселесін көтеріп отырсыздар, облыстық деңгейде жиналыс болды, тасымалдау бойынша балалар санымен біз төртінші орында тұрмыз, 1800 баланы тасымалдаймыз, әрине жүру жолдарының шалғайлығына орай мердігер компаниялар келгісі келмейді, себебі бюджеттік қаражат аз, жол жүретін ара қашықтық алшақ, және де саяжайларда жол жоқ, батпақ жолдар, осы

уақытта төрт мектепке күрделі жұмыстар жүргізу, және төрт мектеп салу жоспарланып отыр. 40 саяжай оқушылары Заречное ықшам ауданының №1 мектебіне барады, сондықтан ең бірінше саяжайларға мектеп салу, Алматы қаласына жақын орналасқандықтан Жаңадәуір, Қоянқұс ықшам аудандарына мектептерде балалар көп. Саяжайларда тұратын оқушыларға мектеп салу, Жетігенде, Қоянқұста, Жаңадәуірде мектеп салу жоспарлануда. Гейт-Сити де жайлы мектеп ашылды. Балдырғанға, №47, №4 мектепке газ кіргізілді. №16 ОМ ыстық тамақ мәселесін облыстық білім басқармасымен сөйлестік, шешу жолдарын қарастырып отырмыз. Ювеналдық полиция бойынша, биылғы жақсы көрсеткішіміз, жасөспірімдер арасында қылмыстық істер болған жоқ. Жұма сайын рейд жұмыстары жүргізіліп отырады. Ықшам аудандарында балалар ойнатын алаңдар абаттандыруды қажет етеді. Алға қойылған жоспарлы жұмыстар көп. Аталған қиындықтарға қарамастын мектеп директорларының жұмыстары қанағаттанарлық деп санаймыз.

Абилова Р.М.: Әрине бірігіп атқарған жұмыстар өз нәтижесін беріп отыр. Ал енді екі жылда референдум, сайлау өтті, біздің қалада Әділет партиясы құрылды, партия төрағасы Ерік Әзілжанұлымен таныстырғым келіп отыр. Ерік Әзілжанұлы сөз кезегі сізге беріледі.

Сөз Алатау қаласы «Әділет» партиясының басшысы Абитов Ерік Азелжанұлына беріледі.

Слово предоставляется руководителю партии «Әділет» Абитову Ерик Азельжановичу.

Абитов Е.Ә.: Құрметті Роза Михаилқызы, құрметті депутаттар!
жергілікті тұрғындардың мәселелерін көтеріп отырсыздар, мектептегі шешілмеген мәселелерді атап өттіңіздер, барлық мектептегі мәселелер оңды шешілсін. Тұрақты комиссияның жұмысына сәттілік тілеймін.

Нұрманбаев Ж.Б.:

Құрметті депуттар!

«Қалалық мектептердің жаңа 2026-2027 оқу жылына дайындығы туралы» тұрақты комиссиясымен келесі қаулы қабылданды:

Қалалық әкімнің орынбасарына Несипбаева Г.С., құрылыс, экономика, білім бөлімдеріне (бюджеттен қаражат бөлінуін қарастыру):

1.1. 13-ОМ (Қоянқұс) ғимаратының тарлығына байланысты, мектеп салуға бюджеттік өтінім дайындау;
1.2. №8 ОМ (Құйған) ауласындағы ескі мектептің бұзылған қалдықтарын тазалауды шешу жолдарын қарастыру;
1.3. №5 ОМ (Жетіген) күрделі жөндеу жасау, мектепті жылытуға газ құбырына қосу жұмыстарын қарастыру;
-мектеп территориясында ескі канализациялық люк қоқыспен толтырылып қалып қалған, алып тастау қажет;
-мектеп территориясында қолдану мерзімі өтіп кеткен электрощитті алып тастау қажет;

1.6. №3 ОМ (Дәулет) спорт алаңында төселген газондардың тозған, жыртылған күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;
1.7. №20 ОМ (Гейт -сити) оқушылардың қауіпсіздігіне мектеп алдына шлагбаум қойып, сабақ оқыту мерзімінде автокөліктерді мектеп алдына қоюға тиым салу;
1.8. №6 ОМ (Жетіген ш/а)футбол алаңын тегістеу, дренаж жасау, сапалы жабын төсеу және жарықтандырумен қоршау орнату қажет;
1.9. №9 ОМ (Жаңа-арна) мектеп ауласы толық қоршау жасау, жергілікті тұрғындар мектеп ауласынан күндіз-түні жүреді;
1.10. №10 (Жаңа-талап) -2024 жылы салынған; спорт алаңында жасанды жабын (газон) өте жұқа ауыстыру қажет; пандустың төбесі жабу;
1.11. Барлық мектептерде медициналық кабинеттерде дәрі-дәрмектердің сапасы мен қасиетін жоғалтпау үшін құрғақ, қараңғы және салқын жерде сақтау керек, медициналық кабинеттерде ылғалдылық басым болғандықтан, кондиционер немесе ауа құрғатқыштар орнату

2. Орталық қалалық ауруханаға (тұрақты):

2.1. Медициналық кабинеттердің жұмысын білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
2.2.Біліктілікті арттыру мақсатында медицина қызметкерлері үшін тұрақты оқыту семинарларын өткізу;
2.3.Мектеп қызметкерлерінің (педагогикалық құрам және техникалық персонал) медициналық тексеруден уақтылы өтуін қамтамасыз ету.
2.4. Мектеп оқушылары мен педагогтарға жұқпалы аурулардың таралуы бойынша сақтық шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі (а.ж.30 қазанына дейін):

3.1. №6 ОМ (Жетіген ы/а)газдандыру бойынша қажетті құжаттарды дайындау;
3.2. №2 (Арна) ОМ газға қосылу жұмыстарын жүргізу;
3.3. №9 ОМ (Жана-арна) – вентиляция 2012 жылы қосылған, 5 жыл жұмыс істеді, спортзалда вентиляция тұғыры бір нәрсемен бітеліп қалған, иіс бар, тазалау жұмыстарын жүргізу;
3.4. №8 (Куйган)- спортзалда жарық аз, өйткені жарық шамдарын ауыстыру керек
3.5. №4 ОМ (Жетіген) стадионда, спорт алаңында, мектеп алаңында жарықтандыруды жөндеу
3.6. Барлық қалалық мектептерінде, атап айтқанда, №1, №2 ОМ –не интернет желісінің сапасын және жылдамдығын арттыруды қамтамасыз ету;

4. Қалалық мектеп директорларына (а.ж. 15 қазанына дейін):

4.1.Мектептердің басшылығы, жергілікті қоғамдастық жиналысының өкілдері, ата-аналар комитеті ұйымның сапасы мен ыстық тамақтың құнын тұрақты бақылауды жүзеге асыруы керек;
4.2.Ағымдағы жылдың 15 қазанына дейінгі мерзімде жылыту кезеңіне дайындық бойынша барлық іс-шараларды аяқтау;
4.3. №14, №8 мектептердегі стадиондағы шөптерді, қоқыстарды тазалау;

Құрметті депутаттар және комиссия отырысының қатысушылары!

Бүгінгі тұрақты комиссия отырысының күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Комиссия отырысының жұмысын жабық деп жариялаймын.

Тұрақты комиссия төрағасы:
Председатель постоянной комиссии: **Ж. Нұрманбаев**